



Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы Нұсқаулық

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясы 1995 ж. 30 маусым N 41. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 7 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 79. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодекcін (Салық Кодекcін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

8. "Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтарын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 30 маусымдағы N 41 V950079_ бұйрығы. -----

I . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. "Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" осы Нұсқаулық "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі заң күші бар N 2235 Z952235_ Жарлығы және контрактілерді орындау мақсатымен әзірленеді.

2. Жер қойнауын пайдаланушы - қызметтің төменде келтірілген түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін: Қазақстан Республикасының аумағында геологиялық зерттеуді, пайдалы қазбалар өндіруді, техногендік құралымдарды қайта өңдеуді жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіп

пен шарттар негізінде контракт жасаған тұлға.

II. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салығының мазмұны мен қолданылу саласы

1. Арнаулы төлемдер мен салыққа:

- а) бонустар; қол қойылатын, коммерциялық табу, өндіру;
- б) р о я л т и ;
- в) үстем пайдаға салық енеді.

2. Осы тараудың 1-тармағында көзделген төлемдер мен салықты төлеу жер қойнауын пайдаланушыларды жоғарыда аталған Жарлықпен көзделген басқа да салықтар мен төлемдер төлеуден босатпайды.

Бұл ереже осы Жарлыққа сәйкес салық төлеушілер үшін қолданылатын жалпы салық режимінің таралуын көздейді. Жалпы салық режимін қолдану жер қойнауын пайдаланушылар жөнінде әлдебір шектеу бола алмайды.

3. Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған бір контрактіден артық қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар кез-келген салық пен төлемдерді анықтау мақсаты үшін табыс пен шығынды қ о с а а л м а й д ы .

Мысалы, "Мұнай" компаниясы Атырау облысында орналасқан контрактілік аумақта (кеніште) көмірсутегін барлау (немесе қазу немесе өндіру немесе екеуін де қоса жүргізу) жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметімен контракт жасасты. "Мұнай" компаниясы сонымен бір мезгілде (немесе кейінірек) Маңғыстау облысында орналасқан контрактілік аумақта (кеніште) көмірсутегін барлау (қазу немесе өндіру немесе екеуін де қоса жүргізу) жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметімен контракт жасасты. Бұл ретте салық режимі әрбір контрактілік аумақ үшін бөлек-бөлек болады және де "Мұнай" компаниясының бір контракт бойынша табыс пен шығынды басқа бір контракт бойынша табыспен және шығынмен қосуға құқығы жоқ.

4. Қазақстан Республикасындағы салық заңдарының өзгеруі, халықаралық салық шарттарының күшіне енуі, халықаралық салық шарттары қағидаларының өзгеруі немесе олардың тоқтатылуы нәтижесінде жасасылған контракті шарттары Қазақстан үшін немесе жер қойнауын пайдаланушы үшін нашарлаған жағдайда мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушының экономикалық мүддесінің бастапқы балансын қалпына келтіру мақсатында контрактінің жекелеген шарттарының өзгертілуі мүмкін.

Мысалы. Шетел корпорациясы Атырау облысында көмірсутегін өндіру жөнінде 1994 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан Үкіметімен 25 күнтізбелік жыл мерзіміне өзара шарт жасасты. Өндіру жобасы бірлескен кәсіпорын құру негізінде жүзеге асырылады. Салық заңдарына сәйкес бірлескен кәсіпорын

катысушыларға бөлетін пайда бойынша Корпорация 15 процент мөлшерінде дивидендке салынатын салық төлеуге тиіс. 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап қос салық салуды жою туралы екі мемлекеттің Үкіметтері арасындағы келісім күшіне енеді, бұл келісімге сәйкес дивидендке салынатын салық ставкасы 5 процент мөлшерінде белгіленеді. Сөйтіп бірлескен кәсіпорын 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап Корпорацияға бөлінетін пайда бойынша 5 процент мөлшерінде дивидендке салынатын салық ұстайды. Алайда мұндай жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің дивидендке салынатын салықтың төмендетілуі салдарынан Қазақстан жағының шеккен зиянына ақшалай өтемақы алуға құқығы бар және мұндай құқықтың жоғарыда аталған келісімнің құзырына кірмейтін басқа (әдетте) төлемдер мен салықтардың мөлшерін (ставкасын) арттыру жолымен іске асырылуы мүмкін.

5. Өндіруші өнеркәсіптің түрлі саласындағы қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар үшін арнаулы төлемдер мен салық төлеу тәртібінің ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

6. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі барлық контрактылар Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе өкілеттігі бар мемлекеттік органдар жер қойнауын пайдаланушылармен жасасқанға дейін Бас салық инспекциясында міндетті түрде алдын-ала салық сараптауынан өтеуі тиіс.

Міндетті түрдегі алдын-ала салық сараптауын өткізу тәртібін Бас салық инспекциясы бекітеді.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе өкілеттігі бар мемлекеттік басқару органдары мен отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар арасында 1995 жылғы 1 шілдеге дейін жасасқан жер қойнауын пайдалану жөніндегі контрактыларда айқындалған салық салу шарттары олардың қолданылу мерзіміне сақталады.

Ескерту. 6,7-тармақтармен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 19 бұйрығымен.

Т ө л е у ш і л е р

ІІІ. Б о н у с т ө л е у ш і л е р

1. Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасасылған контрактілердің шарттарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар бонустың барлық түрін төлеушілер болып табылады.

2. Қол қойылған бонус жер қойнауын геологиялық зерделеу, геологиялық зерделеу мен кейінгі өндіру және (немесе) өндіру құқына бір жолғы тіркелген төлем болып табылады және жер қойнауын пайдаланушылар заңда белгіленген тәртіппен тиісті операцияларға контракті жасаған жағдайда төлейді.

Қол қойылған бонусты жер қойнауын пайдаланушы екі тараптың келісімімен

айқындалған мөлшерде және мерзімде төлейді. Қол қойылған бонусты төлеу жөнінде контрактіде белгіленген әлдеқандай қосымша шарттарды жер қойнауын пайдаланушы осы контрактіге сәйкес орындауға тиіс.

3. Коммерциялық табу бонусы бір жолғы тіркелген төлем болып табылады және жер қойнауын пайдаланушылар контрактіде көрсетілген аумақтағы коммерциялық табу кезінде төлейді.

Коммерциялық табу бонусын төлеу жер қойнауын пайдаланушы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасасылған контрактіде белгіленген болса, оны жер қойнауын пайдаланушы төлейді. Коммерциялық табу бонусын төлеу жөнінде контрактіде белгіленген әлдеқандай қосымша шарттарды жер қойнауын пайдаланушы осы контрактіге сәйкес орындауға тиіс.

Коммерциялық табу контрактіде көрсетілген аумақта өндіруге тиімді бір немесе бірнеше кеніштің табылуын білдіреді. Коммерциялық табу бонусын жер қойнауын пайдаланушы контрактіде белгіленген мөлшерде және мерзімде төлейді.

4. Өндіру бонусы тіркелген төлем болып табылады және жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын игерудің белгілі бір жағдайына немесе өндірудің белгілі сатысына қол жеткізген кезде әлсін-әлсін төлеп отырады.

Өндіру бонусын жер қойнауын пайдаланушы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасасылған контрактіде белгіленген мерзімде және мөлшерде осы жер қойнауын пайдаланушы төлейді. Бонусты төлеу жөнінде контрактіде белгіленген қандай да болсын қосымша шарттарды осы контрактіге сәйкес жер қойнауын пайдаланушы орындауға тиіс.

IV. Роялти төлеушілер

1. Пайдалы қазбалар өндіруді және техногендік құралымдарды қайта өңдеуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлеушілер болып табылады.

2. Пайдалы қазбаларды өндіру мен техногендік құралымдарды қайта өңдеу процесінде жер қойнауын пайдалану құқына төлем жасау роялти болып табылады.

3. Роялтиді жер қойнауын пайдаланушы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасасылған контрактіде белгіленген мерзімде және мөлшерде осы жер қойнауын пайдаланушы төлейді. Роялти төлеу жөнінде контрактіде белгіленген қандай да болсын қосымша шарттарды осы контрактіге сәйкес жер қойнауын пайдаланушы орындауға тиіс.

V. Үстем пайдаға салық төлеушілер

1. Пайдалы қазбалар өндіруді және техногендік құралымдарды қайта өңдеуді

жүзеге асыратын әрі салыстырмалы түрдегі тәуір табиғат жағдайындағы қызметтен қосымша табыс алатын немесе салыстырмалы түрдегі тәуір нарық жағдайында өндірілген өнімді өткізетін жер қойнауын пайдаланушылар үстем пайдаға салық төлеушілер болып табылады.

2. Үстем пайдаға салықтың мөлшері мен төлеу шарттары жер қойнауын пайдаланушы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасасылған контрактыда белгіленген болса, оны осы жер қойнауын пайдаланушы төлейді. Үстем пайдаға салықты төлеу жөнінде контрактыда белгіленген қандай да болсын қосымша шарттарды осы контрактыға сәйкес жер қойнауын пайдаланушы орындауға тиіс.

Салық салу объектілері

VI. Бонустар белгілеудің тәртібі

1. Қол қойылатын бонустардың алғашқы мөлшерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті құратын арнаулы уәкілді орган белгілейді. Бонустарды төлеудің тәртібі, түпкілікті мөлшері және басқа шарттары контрактіде белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті құратын арнаулы уәкілді орган дегеніміз барлауды, қазуды және өндіруді көздейтін әрбір жеке жоба бойынша келіссөз жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің арнаулы қаулысымен (өкімімен) жасақталып, бекітілген және тиісті өкілеттік берілген орган (тендер комитеті, лицензиялық комитет немесе жұмыс тобы). Әдетте, мұндай орган құзыретіне жер қойнауын пайдаланушылардың қызметі аясында жүзеге асырылатын жекелеген аспектілерді реттеу және бақылау жататын түрлі министрліктер мен ведомстволардың өкілдерінен ж а с а қ т а л а д ы .

2. Бонустардың түпкілікті мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жер қойнауын пайдаланушылар арасында жасасылған контрактіде белгіленеді. Контрактіде белгіленген бонустардың мөлшерін айқындау талаптары жер қойнауын пайдаланушылар үшін міндетті болып табылады.

VII. Роялти салынатын объект

1. Жер қойнауын пайдаланушы өндірген пайдалы қазбалардың немесе олар қайта өңдеген техногендік құралымдардың көлемі роялти салу объектісі болып табылады. Роялти төлеудің тәртібі, мөлшері мен басқа да шарттары контрактіде б е л г і л е н е д і .

2. Роялти заттай төленген жағдайда оны жеткізу (табыстау, жөнелту) тәртібін жер қойнауын пайдаланушы өзара шарт талаптарына дәл сәйкес орындауға тиіс.

VIII. Үстем пайдаға салынған салықтан алынатын табыс

1. Салыстырмалы түрдегі тәуір табиғат жағдайында немесе салыстырмалы түрдегі тәуір нарық жағдайында жер қойнауын пайдаланушыларда түзілетін әрі соның әсерінен неғұрлым жоғары пайда нормасын беретін қосымша табыс үстем пайдаға салық салу объектісі болып табылады. Үстем пайдаға салық төлеудің тәртібі, мөлшері мен басқа да шарттары контрактіде белгіленеді.

2. Үстем пайдаға салық белгілі бір шамадан үстем түрде алынған пайдаға үдемелі салық салуды белгілейді. Мұндай шама Үкімет пен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы келіссөз барысында айқындалады.

Әдетте (бірақ ерекше жағдайда емес) салыстырмалы тәуір табиғат жағдайына және салыстырмалы тәуір нарық жағдайына мына факторлар жатады:

- дүние жүзілік нарықта энергия көздері бағасының өсуі;
- контрактіге қол қойылған күнгі есеп айырысу бағасымен салыстырғанда жабдық (технология, ноу-хау, т.б.) бағасының төмендеуіне байланысты жоба бойынша жұмсалған шығынның (күрделі және ағымдағы) төмендеуі;
- жобадағымен салыстырғанда өндірудің неғұрлым қолайлы жағдайларына байланысты жобаның арзандауы;
- өндірілген өнімді тасымалдау құнының арзандауы;
- оперативтік шығындар мен басқа да шығындардың төмендеуі.

IX. Арнаулы төлемдер мен салықты төлеу нысаны

1. Бонустардың барлық түрлері тек ақшалай нысанда ғана төленеді.

2. Роялти заттай сондай-ақ ақшалай нысанда да төленеді. Контрактіде көзделген шекте және тәртіппен заттай және ақшалай нысандарын аралас қолдануға жол беріледі. Роялтиді заттай нысанда төлейтін жағдайда контрактіде өндірілетін өнімдерді беріп тұру пункті мен шарттары көрсетіледі.

Роялти заттай нысанда төлейтін жағдайда салық органдары роялтидің заттай нысанда жеткізу пунктін, шарттарын бақылауға міндетті. Егер роялтиді заттай нысанда төлеу контракті бойынша жер қойнауын пайдаланушының өзіне тапсырылатын болса, онда салық органдары контрактіде белгіленген жеткізу, өткізу және бюджетке өткізуден алынған соманы есептеу мерзімінің уақтылы орындалуын бақылауға міндетті.

3. Үстем пайдаға салық ақшалай нысанда төленеді.

X. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы шегерістері

1. Табыс салығы үшін салық салынатын табысты және жер қойнауын

пайдаланушының үстем пайдасына салықты анықтау кезінде қол қойылатын бонус

шегеріс жасауға жатпайды.

2. Коммерциялық табу бонусы, өндіру бонусы және роялти табыс салығы үшін салық салынатын табысты және жер қойнауын пайдаланушының үстем пайдасына салынатын салықты анықтау кезінде шегеріс жасалуға тиіс.

Төлеу мерзімі

XI. Бонус пен роялти төлеу мерзімі

Жер қойнауын пайдаланушылардың бонус пен роялти төлеу мерзімі контрактіде белгіленеді және жер қойнауын пайдаланушылар үшін міндетті болып табылады.

XII. Үстем пайдаға салық төлеу мерзімі

Есепті жылда алынған үстем пайдаға салық есеп берілгеннен кейінгі жылдың он бесінші сәуіріне дейін төленеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің бірінші орынбасары

- Бас салық инспекциясының бастығы

Оқыған:

Багарова Ж.А.